

«8D02310 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
 Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының  
 көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><b>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</b></p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 98 қаулысы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>«8D02310 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	1.1. Диссертациялық жұмыс қазақ әдебиеттануының белгілі бір себептерімен бұрын жеткілікті түрде зерттелмей келген мәселесіне арналғандықтан, тақырыбы өзекті болып саналады. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармашылығы және ондағы рухани-адамгершілік мәселелері мен замана шындығының көркем бейнеленуі жұмыстың негізгі нысаны ретінде қарастырылғандықтан ұлттық таным және рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық қағидаттар және олардың ислам құндылықтарымен үндестігі, жырау өмір сүрген дәуір шындығының көркем жинақталып, талдануы зерттеу тақырыбының толық ашылуына мүмкіндік жасаған. Бұрын кешенді түрде зерттелмеген Бұқар жыраудың толғаулары ғылыми тұрғыда сарапталып, маңыздылығы толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы жазу деңгейінің жоғарылығын айқын көрсетеді. Диссертациялық жұмыста жан-жақты зерттеулер жүргізілген. Отандық және шетелдік ғалымдардың жыр, толғау, эпикалық дәстүр, тарихи жад, поэтика, уақыт пен кеңістік категорияларына қатысты ғылыми еңбектері назарға алынып, диссертанттың өзіндік көзқарастарына негізделген пікірлерімен бірлікте тың тұжырымдар жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Бұқар жыраудың толғауларын тақырыптық-идеялық, әдеби көркемдік, дәстүр жалғастығы, көркем уақыт пен көркем кеңістік, тарихи жад, ұлт-азаттық идеясы және рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық және олардың ислам құндылықтарымен үндестігі тұрғысынан зерттеуге басымдық беруі арқылы негізделген.

	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертант Кайимов Мухамеджанның қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мазмұны «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбын жан-жақты айқындайтын сапалы ғылыми зерттеу жұмыс болып шыққан. Зерттеу жұмысында Бұқар жырау жырларындағы жыраулық дәстүр, ұлт-азаттық идея, рухани адамгершілік мәселелері, діни таным мен көркем ойлау кешенді түрде зерттеліп, тақырыпқа сай нәтижелер алынған.
	1) айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмысты жазу барысында алдын-ала қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сай толық жүзеге асқан. Бұқар жырау Қалқаманұлының осы кезге шейін баспа бетінде жарияланған және баспа бетін көрмеген жырларын жинақтау, жүйелеу, саралау, тақырыпты қазіргі заманғы тарихқа жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, бүгінгі ғылымның талап-тілектері тұрғысынан зерделеу сынды мақсаттарына жеткен. Аталған мақсаттарды жүзеге асыру барысында жыраулық өнер мен авторлық толғаудың сабақтастығы мен өзіндік ерекшеліктері жөнінде, жырау, жыршы, автор тұлғасына қатысты ғылыми тұжырымдар жасау, Бұқар толғауларының сюжеттік құрылымындағы дәстүрлі мотивтерді анықтау, автор толғауларындағы уақыт пен кеңістіктің суреттелуі және оның қызметі мен мәнін ашу міндеттері орындалған.
	1) сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертант Кайимов Мухамеджанның диссертациялық жұмысының жалпы құрылымы мен барлық тараулары, тараушалары логикалық жағынан тығыз байланысып, зерттеу нәтижелері өзара үндесіп тұр. Диссертация құрылымы кіріспеден, 2 тараудан, әр тарау тараушалардан және әр тарау соңы қысқаша
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

			тұжырымнан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ жырау туралы мәліметтер келтірілген қосымшадан тұрады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыстың әр тарауынан сыни талдауды аңғару қиын емес. Диссертант отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне орынды сүйене отырып, өзінің көзқарасына негізделген пікірлерін білдіреді. Диссертациядағы сыни талдаулар әдебиет тарихы пен әдебиет теориясының келешектегі зерттеулеріне негіз болары сөзсіз.
		<b>1) сыни талдау бар;</b>	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертант Кайимов Мухамеджанның диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен ережелерді толығымен жаңа деуге болады. Зерттеу нәтижесінде толғаудың жыраулар өмір сүрген дәуірге тән жанрлық түрі екендігі анықталған. Сонымен қатар ізденушінің зерттеу нәтижесі бойынша, толғау қазіргі лирикалық жанрдың бастауында тұрған, көңіл-күйдің құбылысын, соның ішінде ойды терең жеткізуге бағытталған шығарма екендігі дәлелденген. Авторлық толғаулардағы тарихилық мәселесі: тарихи кейіпкер, тарихи оқиға, тарихи мекен, уақыт пен кеңістік (мекеншак) мәселелері арнайы зерделенген. Авторлық тарихи жырлардың поэтикасы жан-жақты талданған.
		<b>1) толығымен жаңа;</b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Дәлел ретінде төмендегідей диссертация қорытындыларын келтіруге болады: Бұқар жырау жырларындағы рухани-адамгершілік мәселелері мен ондағы замана шындығының көркем
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		<b>1) толығымен жаңа;</b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			<p>бейнеленуі тақырыбында жазылған алғашқы зерттеу жұмысы;  Бұқар Қалқаманұлының толғауларындағы ұлттық таным және рухани-адамгершілік негіздері, рухани-адамгершілік және моральдық-этикалық қағидаттар, рухани-адамгершілік мұраттардың ислам құндылықтарымен үндестігі арнайы сөз болды;  Бұқар жырау толғауларының композициялық ерекшелігі, жыр құрылымындағы дәстүрлі мотивтер қызметі мен уақыт пен кеңістік мәселесі алғаш рет талданды;  Зерттеуге қатысты тың материалдар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді;  Бұқар Қалқаманұлының басқа ауыз әдебиеті өкілдерімен өзара байланысы айқындалып, жан-жақты пайымдалды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп есептеуге болады. Бұл зерттеу жұмысы гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді қажет етпейді.</p>
		<p>1) толығымен жаңа;</p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	
		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел бола алады. Екі тарауға да қорытынды тұжырымдар жасалған.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында 8 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала жарияланған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала жарияланған. Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында 2 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		<b>1) дәлелденді;</b>	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		<b>2) жоқ;</b>	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		<b>1) ия;</b>	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
7.4 Қолдану деңгейі:			
1) тар;			
2) орташа;			
<b>3) кең</b>			
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.			
7.5 Мақалада дәлелденген бе?			

		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Ауыз әдебиеті саласын зерттеушілер үшін бұл еңбектің бағыт берерлік, ой саларлық үлесі зор болмақ.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Ғылыми нысанаға Бұқар жыраудың соңғы тестологиялық талдаулар жасалған шығармаларын алған, жырау толғауларының сюжеттік желісі мен тарихи деректерді салыстыра отырып зерттеуге күш салған. Автор шығармаларының мазмұны мен

		эксперимент негізінде дәлелденеді):	тақырыптық ерекшеліктерін басқа көршілес халықтардағы сол дәуірде өмір сүрген ақындарымен қатар салыстыра зерттеуін де ізденуші қол жеткізген табыс деп бағалауымыз керек. ХҮІІІ ғасыр қазақтары басынан өткерген тарихи жағдайларды бейнелейтін жырларды саралап, оның жалпықазақтық тарихи оқиғаларымен сабақтастығын зерделеген. Жыраулық өнер мен кейін пайда болған ақындық өнердің сабақтастығы мен өзіндік ерекшеліктері жөнінде ой-тұжырымдар түйіндей отырып, жырау, автор тұлғасына қатысты ғылыми тұжырымдар жасаған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және зерттеулер дәлелденген. Отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, отандық тарих және жыраулық өнерге қатысты еңбектеріне орынды сілтемелер келтіру арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында Бұқар жырау шығармаларының жеке жинаушылары мен ертеректегі зерттеушілердің жинаған материалдары мен баспа бетін көрген мақалалары зерттеу нысаны ретінде көрсетіліп, қазақ әдебиетінің тарихы мен поэтикасына, отандық тарих, жыраулық өнерге қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері жан-жақты қамтылған. Нәтижесінде 92 дереккөз көрсетілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу жұмысына толық жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертант зерттеу жұмысында «жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері», «жырау толғауларындағы исламдық құндылықтар», «жырдағы дүниенің әлеуметтік бейнесі» ұғымдарына анықтама береді. Жыраулық дәстүр, сюжеттегі мотивтер, жырлардағы
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			уақыт пен кеңістік категорияларына, толғаудағы уақыт динамикасына жан-жақты талдау жасаған. Сонымен қатар Бұқар жырларын жыраулар поэзиясымен, одан кейінгі ақындық өнермен поэтикалық тұрғыда салыстыру-салғастыру әдісі арқылы мысалдармен дәлелдеген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу нәтижелерін әдебиеттанушыларға, тарихшыларға, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарына, әдебиет тарихы пәні бойынша оқылатын арнайы және қосымша курстардың семинар сабақтарында көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.
		1) ия; 2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Талаптарға сәйкес келеді, аяқталған жұмыс.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу және ресімдеу талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста техникалық қателер кездеседі. Алайда мұндай қателер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді.


12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу бойынша 8 мақала: соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02310 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты

  
\_\_\_\_\_  
(қолы)

Мамбетов Жолдасбек Ормаханович

**РАСТАЙМЫН**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды  
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы  
**ЗАВЕРЯЮ**  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
  
«23» 06 2025 ж./г.

